КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2026 жылғы 26 наурыз №7119-26-00-2/939 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы К. Бекмолдин отыруында ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«DNS Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Дабылдина А.С.
жауапкердың өкілі Шаймерденова А.С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

ШЖҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» РМК (бұдан әрі - талапкер) мен «DNS Service» ЖШС (бұдан әрі - жауапкер) арасында жасалған 21.08.2025 ж. №1802 мемлекеттік сатып алу туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) сәйкес жауапкер талапкерге жалпы сомма 21 929 796 тн қызметті орындауға міндеттенді.

Шарт талаптарына сәйкес (1-қосымша) және техникалық ерекшелік (2.2-тармақ.), Жауапкер Тапсырыс берушінің кеңселеріне А3 және А4 форматындағы парақтарда ақпаратты басып шығару/сканерлеу/көшіру үшін көп функционалды құрылғылар мен желілік жабдықты ұсынуға міндеттенді мемлекеттік сатып алу Веб-порталы арқылы өтінім берілген күннен бастап күнтізбелік 16 күннен кешіктірілмейтін мерзімде.

Мемлекеттік сатып алу порталында (келісу журналы) талапкер жауапкерге 2025 жылғы 3 қарашадағы №138 жазбаша өтінім жолдады.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 05.05.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 08.05.2026
7119-26-3-1/515

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Демек, қызметтер 2025 жылдың 19 қарашасында көрсетілуі керек еді.

Алайда, шартта белгіленген мерзімде қызмет толық көлемде көрсетілмеген. Мемлекеттік сатып алу порталында 17.11.2025 жылғы, 28.11.2025 жылғы, 15.12.2025 жылғы, 31.12.2025 жылғы, 31.12.2025 жылғы 5 актіден растайтын құжаттардың болмауы (1 акт бойынша), әрбір принтер бойынша әрбір парақтың құнын толық жазудың болмауы, барлық МФУ-дың жұмысқа қабілеттілігінің болмауы, есептердің болмауы (2 акт бойынша), ай сайынғы есептер, жеткіліксіздіктер МФУ саны (2 - монохронды және 1 түсті), есептердің болмауы, лицензия бойынша ақпараттың болмауы (3 және 4 актілер бойынша), растайтын құжаттардың болмауы және құнның бөлшектелген толық жазылуы. (5 акт бойынша).

Сол себептен, «DNS Service» ЖШС-ні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі жолдаған сот кабинет арқылы наразылығында талап арызды мойындамай, талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Шарттың 4.1тармағына сәйкес, Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері көрсетілетін Қызметтердің Шарттың 2-қосымшасында (Техникалық ерекшелік) көрсетілген талаптарға сәйкестігін бақылауды және тексеруді жүзеге асыра алады.Бұл ретте мұндай тексерулерге байланысты барлық шығындарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін айқындалған өкілдері туралы Өнім берушіні жазбаша түрде және уақтылы хабардар етуге міндетті. Осы құжат 2003 ж. 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен тең заңды күшке ие.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.05.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 08.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 4.2. тармағына сәйкес, осы Шарт шеңберінде көрсетілетін Қызметтер Техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуге немесе одан жоғары болуға тиіс.

Шарттың 4.3. тармағына сәйкес, көрсетілген Қызметтердің нәтижелері тексеру барысында Техникалық ерекшелік (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес емес деп танылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз, тексеру жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Шарттың 4.4. тармағына сәйкес, жоғарыда көрсетілген тармақтардың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша өзге де міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

Шарттың 5.1. тармағына сәйкес, Өнім берушінің Қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Шарттың 5.2. тармағына сәйкес, қызмет Өнім беруші осы Шарттың қосымшаларында көрсетілген талаптарға дәл сәйкес түрде Қызметті Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда көрсетілген болып есептеледі.

ШЖҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» РМК (бұдан әрі - талапкер) мен «DNS Service» ЖШС (бұдан әрі - жауапкер) арасында жасалған 21.08.2025 ж. №1802 мемлекеттік сатып алу туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) сәйкес жауапкер талапкерге жалпы сомма 21 929 796 тн қызметті орындауға міндеттенді.

Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

Техникалық сипаттама (бұдан әрі – ТС) көпфункционалды құрылғыларды (бұдан әрі – КҚ) қызмет көрсету және үздіксіз басып шығару сервисін (бұдан әрі – Қызметтер) қамтамасыз ету бойынша әлеуетті Өнім берушіге қойылатын негізгі міндеттер мен талаптарды сипаттайды.

Қызмет көрсету орны – Астана қаласы, Е 495 көшесі. Тапсырыс беруші орналасқан жерін ауыстырған жағдайда, КҚ-ны жаңа орынға жеткізуді өз қаражаты есебінен жүзеге асырады және бұл туралы Өнім берушіні алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс берушінің кеңселеріне А3 және А4 форматындағы беттерге ақпаратты басып шығару/сканерлеу/көшіру үшін көпфункционалды құрылғылар мен желілік жабдықтар жеткізілуі тиіс.

Бұл қызметтер мемлекеттік сатып алулардың Веб-порталы арқылы өтінім берілген күннен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс.

Қызметтің мәні – Өнім беруші тарапынан Тапсырыс берушінің жабдығын қоса алғанда, толық функционалды баспа инфрақұрылымын («Баспа сервисі») ұсыну болып табылады, оның ішінде:

1. Өнім беруші шарт мерзіміне мынадай талаптарға сай жабдықты ұсынады:

- 2 (екі) принт-сервер, физикалық түрде бөлінген деректер желілерінде жұмыс істейтін, ақаулар мен істен шығуларды

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.05.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 08.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бақылау және есепке алу үшін автоматтандырылған жүйенің бағдарламалық жасақтамасы (бұдан әрі – АЖ БҚ) орнатылған;

- Баспа процесін бақылауға арналған 17 дана КМА лицензиясы және 160 дана принтер мен КФҚ-ға арналған лицензиялар;
- Баспа жабдығына смарт-карта немесе PIN-код енгізу арқылы қол жеткізу мүмкіндігі.

1. Шарт мерзіміне арналған жоғары жылдамдықты КФҚ жабдықтарын ұсыну:

- Монохромды – 14 дана;
- Түсті – 3 дана.

1. Тапсырыс берушінің келесі модельдегі құрылғыларын «Баспа сервисі» бағдарламалық-аппараттық кешеніне қосу:

- Canon i-SENSYS MF752Cdw – 78 дана;
- Canon i-SENSYS MF463 – 92 дана.
- КФҚ және принтерлер саны Шарт сомасы шегінде, бірақ 20%-дан аспайтын мөлшерде өзгертілуі мүмкін.

1. Техникалық және профилактикалық қызмет көрсету, жөндеу, ресурс бөлшектерін және картриджерді ауыстыру.

Шарт күшіне енгеннен кейін, Өнім беруші әрбір басылған парақтың (баспа өнімінің) бағасын қағаз форматына қарай бөліп көрсетуі тиіс. Тапсырыс беруші нақты басып шығарылған парақтар көлемі бойынша есептесу жүргізеді, бұл туралы есепті Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша ұсынады. Көлемі мен саны Шарт шегінде өзгертілуі мүмкін. Басып шығарылған парақ деп бір жақты бейне салынған, А4 немесе А3 форматындағы, бетінің кемінде 5% көлемі басылған қағаз түсініледі.

Ұсынылған жабдық жаңа болуы тиіс, бұрын пайдаланылмаған және тозу белгілері болмауы қажет.

Өнім беруші 2.3-бөлімнің 3-тармағында көрсетілген Тапсырыс беруші жабдықтарын қабылдап, оларды «Баспа сервисі» бағдарламалық-аппараттық кешеніне қосуға және шарт мерзіміне 2 дана принт-сервер беруге міндетті.

Принт-серверлер физикалық түрде бөлінген деректер желілерінде жұмыс істеуі тиіс, оларға АЖ БҚ орнатылуы қажет. Сонымен қатар, КМА-ға арналған 17 лицензия және принтерлер мен КФҚ-ға арналған 160 лицензия ұсынылуы керек. Жүйе смарт-карта немесе PIN-код арқылы баспа жабдығына қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Өнім беруші монохромды КФҚ – 14 дана, түсті КФҚ – 3 дана көлемінде жоғары жылдамдықты көшіру машиналарын қамтамасыз етеді.

Жауапкердің 21.08.2025 ж. №1 периферияльық жабдықты қабылдау-тапсыру актісіне сілтемесі негізсіз болып табылады, өйткені аталған акт өтінім берілген күннен (03.11.2025 ж.) бұрын жасалған және кейін туындаған міндеттемелердің орындалуын растай алмайды.

Шарттың 1-қосымшасында (сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) тізбесі) 4-реттік нөмірі бар бағанда қызметтің қысқаша сипаттамасы «Көшірме/баспа/сканерлеу және ұқсас жабдықты пайдалануға беру жөніндегі қызметтер, оның жұмыс істеуін/қызмет көрсетілуін қамтамасыз ете отырып, оның ішінде *техниканы қағазбен* және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету» деп көрсетілген.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.05.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 08.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың бұл талабы жауапкер тарапынан орындалмаған, бұл 2025 ж. 29 желтоқсандағы «9-тармақ бойынша түсіндірме» атты хатымен де расталады, онда жауапкер қағаз жеткізу міндеті Шартта көзделмеген деп есептейді.

Шартқа 2-қосымшаның (техникалық ерекшелік) 2.3-тармағының 2) тармақшасында және 3.1-тармағында Өнім берушінің Шарттың қолданылу мерзіміне жоғары жылдамдықты көшірме КФҚ-ларды ұсынуы көзделген: монохромды – кемінде 14 дана, түрлі-түсті – кемінде 3 дана.

Іс жүзінде аурухана ғимаратында 12 монохромды КФҚ, 2 түсті принтер және 2 сервер орнатылған. Сонымен қатар, жеткізілген жабдық техникалық сипаттаманың талаптарына сәйкес келмейді, өйткені оның бір бөлігі жаңа емес және жұмыс істемейтін күйде, атап айтқанда: 7 монохромды КФҚ-ның, 1 түсті принтер және 1 сервер бұрынғы және техникалық ақаулы болып табылады.

Көрсетілген мән-жайлар жауапкердің жеткізілген жабдықтың саны жағынан да, сапасы жағынан да шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы куәландырады. Бұл факт жауапкердің 29.12.2025 жылғы "4-тармақ бойынша түсіндірме " хатымен расталады.

Қазіргі уақытқа дейін 03.11.2025 ж. көрсетілген өтінімді орындау мақсатында жеткізілген және Техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауарларды қабылдау-тапсыру актісі жоқ.

Көрсетілген қызметтер актісін жарамды деп тану туралы талап арыз да «DNS Service» ЖШС бермеді.

Келісім шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындау мән – жайлары көрсетілген қызметтер актісімен расталуы тиіс.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «DNS Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«DNS Service» ЖСШ-ні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«DNS Service» ЖСШ- нен мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.05.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 08.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.**

Нұрғалиева

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.05.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 08.05.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»